

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫҢДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY



«Жұмат Тілепов және қазақ
әдебиеті тарихының келелі мәселелері»
атты республикалық ғылыми-теориялық конференция
материалдарының жинағы
11 сәуір, 2014 жыл

Proceedings
to the republican theoretical conference
«Zhumat Tlepov and Topical issues of
Kazakh Literature»
11 April, 2014

СБОРНИК
республиканской научно-теоретической конференции
«Жумат Тлепов и актуальные проблемы
истории казахской литературы»
11 апреля, 2014 год

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY**

**«Жұмат Тілепов және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері»
атты ресиубликалық ғылыми-теориялық конференция
материалдарының жинағы
11 сәуір, 2014 жыл**

**Proceedings
to the republican theoretical conference
«Zhumat Tlepov and Topical issues of Kazakh Literature»
11 April, 2014**

**СБОРНИК
республиканской научно-теоретической конференции
«Жумат Тлепов и актуальные проблемы истории казахской
литературы»
11 апреля, 2014 год**

**Алматы
«Қазақ университеті»
2014**

ӘОЖ 821.512.122-0
КБЖ 83.3(5Қаз)
Ж 80

Редакция алқасының төрағасы
филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ. Әбдәзұлы**

Жауапты редакторлары:

филология ғылымдарының кандидаты, профессор **Г. Қазыбек**
филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Темірболат**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Ж. Есімова**
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **А. Асқарова**

«Жұмат Тілепов және қазақ әдебиеті тарихының келелі мәселелері»
республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы
Алматы, 11 сәуір 2014 ж./ жауапты ред.: Қ. Әбдәзұлы, Г. Қазыбек,
А. Темірболат, А. Асқарова. – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – 114 б.

ISBN 978-601-04-0376-5

Жинақ Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, көрнекті әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Жұмат Жұмалыұлының жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр. Кітапқа ғалымдардың қайраткерлік келбетін, азаматтық тұлғасын және зерттеушілік қабілетін танытуға арналған белгілі қоғам қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдардың жас буын зерттеушілердің еңбектері енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы мамандарға, жоғары оқу орындары студенттері мен аспиранттарына, жалпы сөз өнерін қадірлейтін оқырман қауымына арналған.

ISBN 978-601-04-0376-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

МАЗМҰНЫ

I. Ж. ТІЛЕПОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ
КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Маманов Ғ.М. Тықтау сөз	3
Мұхамбетқалиев С. Қырым азамат	4
Маманов Т.С. Мұстафа-ұстаздың ұлағат биіктігі	6
Маманов Ғ.Қ. Жұмат ағай туралы бір үзік сыр	8
Маманов Қ.Қ. Таралық таразысы	10
Маманов А. Қырымдағы тарихты топшылаған	13
Маманов Ә. Әдебиеттануды тарихпен тоғыстырған	16
Маманов К. Таразы мықтының – ұстанымы мықты	19
Маманов Р. Қетпіс деген бір белес	20
Маманов Н. Қаны жайсаң ұстазым	22
Маманов М. Тарихи мұраның тамыршысы	24
Маманов М.Р. Ж.Тілепов зерттеулерінің қазақ әдебиеті тарихын жасаудағы идеялық маңызы	28
Маманов Г.Ж. Жұмат Тілепов как исследователь казахской средневековой устной литературы	32
Маманов С. Ж.Тілепов және ақын-жыраулар поэзиясының тарихи сипаты	35
Маманов С., Мадиев С. Тілепағыс	39
Маманов Т. Профессор Ж.Тілепов – фольклортанушы	42
Маманова С.В. Педагог, наставник, ученый	47
Маманова Ә.Т. Ж.Тілепов зерттеулеріндегі тарихилық мәселесі	47
Маманова А. Ұстаз тағылымы	51
Маманов Ә. Жұмат Тілепов зерттеулеріндегі қазақ әдебиеті тарихының мәселелері	54
Маманбетқалиева Р.Қ. Ұлттық тарихты образдаудың хас шебері	56
Маманбетқалиева Р. Абыздар жолымен	60
Маманбетқалиева Н. Ұстаз – ұлы қасиет	64

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

АЛМАТЫ
АРАБИ

деп ірі мінез көрсеткені мәлім. Ақылғөй дана қарт Абылайдың өміріне шолу жасап бұл толғауында тек ханға сес көрсетіп қана қоймайды, оның ойын қостап, мақсат жүзеге асымақ болып отырған Бөгембайдың өзіне де «Тоқымы кеппес ұры ел Қабанбайдан бұрын найзанды, қай жерде жауға тіредің» деп шүніледі. Жырау Бөгембайды мұқатып, оған Қабанбайды үлгі ете, оны кемсіте сөйлеуінен, бұл арал батырдың біріпен-біріпін озықтығын емес, басқа бір жайды – Қабанбайдың хан Бөгембай жағында емес, сол тұстағы Құлсары, Қазыбек би секілді ықпалды кісіле бірігіп, 1761-1763 жылдарда Бұқар пікірін ұстанғандығынан деп шамалауға болады.

Демек, бұл тұрғыдан Қабанбай Бұқар жырау үшін ел басына күн туған қыс кезде пікірін қолдағаны үшін ғана емес, түбірлі мәселені өзі секілді түсінгендігіміз қымбат. Ал, Бұқар жыраудың орыс халқымен татулыққа үндеген бұл шығарм идеясының сонылығымен қатар поэзиямызда осы ойды алғаш жырлауымен де бағам деп ой өрбітеді. Монографияның қорытындысын : « Ал, жалпы салыстырмалы түрде қазақ жұртының өзіне ғана меншікті әдебиетінің тарихилығы қарастырылатын, XIV-XV ғасырлардағы өлең-жырдың өрнегімен безендірілген ел тарихы – ол қалай болғанды қазақ этносының ұлттық есею жолының тарихи-әдеби диаграммасы іспеттес. Оған тоқтата отырып, біз рухани тарихымыз – әдеби мұрамыз арқылы азаматтық тарихымыз да тануға болады деп есептейміз » деген пікірмен аяқтайды.

Монографияның соңында «Қапыш Сәтбаев және «Ер Едіге» жыры деген қосымша береді. Ол қосымшада Едіге жырын кеңестік дәуірдің өзінде зерттеген Қаныш Сәтбаевтың ғылым еңбектерін талдайды.

Студент жастарымызға қазақ әдебиеті мен өнерінің, қазақ тарихының үш жылдық жүрні откен жолындағы қадау-қадау қоркем дүниелерін шығарған жыр поэзиясын жинақтап, бір ізге түсіріп, әр жыраудың тарихи оқиғаларға қатысты мұра сараптауы ғалымның теориялық білімділігін көрсетеді. Біртуар жырауларымыз қаламынан қалған рухани бай мұраны қазіргі қазақ жастарының оқып, біліп өскені бүгінгі баға жетпес байлығымыз. Осы байлыққа өзіндік үлес қосып келе жатқан профессор Жұмат Тілеповтің осы монографиясы арқылы келер ұрпаққа келелі іс қалды деген осылай болса керек.

Ғалым Жұмат Тілепов-елінің құрметіне лайық кемеліне келген тұлға.

Қ.Қ. МӘД.

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының профессоры.*

ТАЗАЛЫҚ ТАРАЗЫСЫ

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеудің бел ортасында келе жатқан белгілі ғалым Жұмат Тілеповтің жан-жақты білімпаздық даралығы, кісілік ұстаным қалпы кім-кімге де аян. Дүние жүз құбылса да жүзіндегі нұрын жоғалтпай жүретін жөні бөлек адамның – осы кісі.

Кейде пенделік бас көтеріп ана-мынаны кіжінін айтып, күйініп талқыға салып Айғайласып жаға жыртысамыз. «Ауыр сөзбен ауыртпайық жүректі» деген ағалар ұмытып кеткеніміз көп.

Кісіге қақтығып тиісіп, намысын түртіп кетуге әуессіз. Қолға тізгін тисе талбайлатпай, «асау» болып тулап кететін қырымыз тағы бар. Бу болып ұшып кеткен байлықпен алданып, арбалғандағы сиқымыз адам танымастай. «Байлықтың буы» деген сенбейміз.